

"Қазақстан Республикасының халықаралық қатынастағы автомобильмен тасымалдауларында рұқсат беру жүйесін қолдану қағидаларын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 353 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Көлік министрінің 2024 жылғы 10 шілдедегі № 239 бұйрығы.
Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 11 шілдеде № 34722 болып тіркелді

ЗКАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараныз

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасының халықаралық қатынастағы автомобильмен тасымалдауларында рұқсат беру жүйесін қолдану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 353 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11704 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 13-бабының 23-11) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының халықаралық қатынастағы автомобильмен тасымалдауларында рұқсат беру жүйесін қолдану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын:

2. Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Көлік вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және Қағидалардың 56-тармағы 2025 жылғы 1 қантарға дейін қолданыста болады деп белгіленсін.

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Сауда және интеграция министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық қауіпсіздік комитеті

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Цифрлық даму, инновациялар

және аэрогарыш өнеркәсібі

министрлігі

Қазақстан Республикасының

Көлік министрлінің

2024 жылғы 10 шілдедегі

№ 239 Бұйрығына

қосымша

Қазақстан Республикасы

Инвестициялар және даму

министрлінің міндеттін

атқарушының

2015 жылғы 27 наурыздағы

№ 353 бұйрығымен

бекітілген

Қазақстан Республикасының халықаралық қатынастағы автомобильмен тасымалдауларында рұқсат беру жүйесін қолдану қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының халықаралық қатынастағы автомобильмен тасымалдауларында рұқсат беру жүйесін қолдану қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 13-бабының 23-11) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының халықаралық қатынастағы автомобильмен тасымалдауларында рұқсат беру жүйесін қолдану тәртібін айқындайды.

2. Қағидалар менишік құқығында немесе өзге де занды негіздерде мынадай автокөлік құралдарына иелік ететін отандық және шетел тасымалдаушыларына қолданылады:

- 1) автобустар, шағын автобустар;
- 2) жүк автомобилдері (тіркемені қоса алғанда, рұқсат етілетін жалпы салмағы 6 тоннадан астам немесе тіркемені қоса алғанда, рұқсат етілетін пайдалы жүктемесі 3,5 тоннадан астам);
- 3) мамандандырылған автомобилдер (белгілі бір жүк түрін тасымалдауға арналған);
- 4) арнайы автомобилдер (әртүрлі, көбінесе көліктік емес жұмыстарды орындауға арналған).

3. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

- 1) автокөлік құралдарына рұқсат беру карточкасы - автокөлік құралын жүктедің халықаралық автомобиль тасымалдарында пайдалануға рұқсат беретін құжат;
- 2) жолсапар - автокөлік құралдарының жөнелту пунктінен межелі пунктіне журуі және жөнелту пунктіне кері оралуы;
- 3) жүктедің халықаралық автомобильмен тасымалдарын жүзеге асыруға рұқсат беру қуәлігі - Қазақстан Республикасының автомобиль тасымалдаушыларына жүктедің халықаралық автомобильмен тасымалдарын жүзеге асыруға құқық беретін құжат;
- 4) көрсетілетін қызметті алушы – Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органдарын, шет елдердегі мекемелерін, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарын, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдерін қоспағанда, жеке және занды тұлғалар;
- 5) көрсетілетін қызметті беруші-Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органдары, шет елдердегі мекемелері, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсететін жеке және занды тұлғалар;

6) отандық рұқсат - Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес шет мемлекеттің тасымалдаушылар Қазақстан Республикасының аумағымен жүріп өтуіне рұқсат (келеге, кетуге және транзитпен жүріп өтуіне әмбебап рұқсат, сондай-ақ үшінші елдердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына немесе Қазақстан Республикасының аумағынан үшінші елдердің аумағына тасымалдаулар);

7) отандық тасымалдаушы - Қазақстан Республикасы ратификациялаған, Қазақстан Республикасы мен шет мемлекеттер арасындағы халықаралық автомобильді қатынастар туралы халықаралық шарттарға сәйкес шет мемлекеттің аумағындағы халықаралық автомобильді тасымалдауды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар;

8) рейс - автокөлік құралдарының жөнелту пунктінен межелі пункттіне дейін жүріп өтуі;

9) рұқсат беру құжаты - Қазақстан Республикасының аумағы арқылы журу құқығын растайтын құжат (отандық немесе шетелдік рұқсат, арнайы рұқсат);

10) рұқсат бланкілерімен алмасу квотасы (бұдан әрі - алмасу квотасы) - шет мемлекеттермен алмасу үшін келісілген шетелдік рұқсаттардың саны;

11) транзиттік жүріп өту (транзит) - жөнелту және межелі пункттері осы мемлекеттің аумағынан тыс орналасқан мемлекеттің аумағы арқылы жүкпен немесе жүксіз автокөлік құралдарының жүріп өтуі;

12) уәкілетті орган - Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитеті;

13) уәкілетті органның ақпараттық жүйесі (бұдан әрі - АЖ) - "Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасының тасымалдаушыларына шет мемлекет аумағы арқылы жүріп өтуге рұқсат беру" және "Халықаралық қатынаста жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының тасымалдаушыларына шет мемлекеттің аумағына (аумағынан) кіруге (кетуге) рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін автоматты өндөуді және қалыптастыруды қамтамасыз ететін ақпараттық жүйе;

14) үшінші елдердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына немесе Қазақстан Республикасының аумағынан үшінші елдердің аумағына тасымалдаулар – автокөлік құралының тіркелу мемлекеті болып табылмайтын екі мемлекет арасында жолаушыларды, багажды немесе жүктерді тасымалдау;

14) шетелдік рұқсат – Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасының тасымалдаушыларына шет мемлекеттің аумағымен жүріп өтуіне рұқсат (келуге, кетуге және транзитпен жүріп өтуіне әмбебап рұқсат, сондай-ақ екінші елдің аумағынан үшінші елдің аумағына тасымалдаулар);

15) шетелдік тасымалдаушы - Қазақстан Республикасы ратификациялаған, Қазақстан Республикасы мен шет мемлекеттер арасындағы халықаралық автомобильді қатынастар туралы халықаралық келісімшарттарға сәйкес шет мемлекеттің аумағындағы халықаралық автомобильді тасымалдауды жүзеге асыратын шетелдік жеке және заңды тұлғалар.

17) "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – Портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, бүкіл шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар

субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесі болатын ақпараттық жүйе;

18) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦК) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар терімі.

4. Қазақстан Республикасының аумағы арқылы автокөлік құралдарының жүріп өтуіне рұқсат беру жүйесі Занда, Қазақстан Республикасы ратификациялаған Қазақстан Республикасы мен шет мемлекеттер арасындағы халықаралық автомобиль қатынасы туралы халықаралық шарттарда (бұдан әрі - Келісім) және осы Қағидаларда айқындалады.

5. Жолаушыларды, багажды және жүктөрді тасымалдауды жүзеге асыратын отандық автокөлік құралдарының шет мемлекеттің аумағына (аумағынан) кіруі (шығуы), шет мемлекеттің аумағы арқылы транзиті мынадай түрлердегі шетелдік рұқсаттардың негізінде жүзеге асырылады:

- 1) жүктөрді тасымалдауға арналған шетелдік рұқсаттар;
- 2) жолаушылар мен багажды тұрақты емес тасымалдауға арналған шетелдік рұқсаттар;
- 3) құнтізбелік бір жылға қолдану мерзімімен жолаушылар мен багажды тұрақты тасымалдауға арналған шетелдік рұқсаттар.

6. 1992 жылғы 26 қыркүйекте жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы халықаралық автомобиль қатынасы туралы келісімге сәйкес отандық тасымалдаушылар Қытай Халық Республикасының аумағына автомобиль тасымалдарын жүзеге асыру кезінде мыналар:

- 1) жолаушылар (туристерді қоса алғанда) мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауды орындаған кезде, отандық тасымалдаушыға тасымалды жөнелту пунктінен межелі пунктке дейін құнтізбелік бір жыл қолдану мерзімімен "А" түрінің рұқсаты;
- 2) баратын және кері қайтатын бір рейсті орындауға құқығы бар өткізу пункттері ауданында шекара маңындағы терминалдар арасында жолаушылар (туристерді қоса алғанда) мен багаждың тұрақты емес автомобиль тасымалын орындау кезінде "В" түрінің рұқсаты;
- 3) баратын және кері қайтатын кері бір рейсті орындауға құқығы бар өткізу пункттері ауданында шекара маңындағы терминалдар арасында жүктөрді автомобиль көлігімен тасымалдау кезінде "С" түрінің рұқсаты;
- 4) анықталған маршруттар бойынша жүктөрді автомобиль көлігімен баратын және кері қайтатын бір рейсті орындау құқығымен тасымалдау кезінде "D" түрінің рұқсаты талап етіледі.

"А", "В", "С", "Д" түріндегі рұқсаттар ағымдағы жылдың 31 желтоқсанына дейін қолданылады.

2-тaraу. Қазақстан Республикасының халықаралық қатынастағы автомобильмен тасымалдарында рұқсат беру жүйесін қолдану тәртібі

1-параграф. Шетелдік рұқсаттарды алмасу және үлестіру квотасын айқындау

7. Алмасу квотасы Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) интернет-ресурсында орналастырылады.

8. Шетелдік рұқсат бланкілерімен алмасу квотасын белгілеу мәселесі бойынша тиісті мемлекеттердің құзыретті органдарымен келіссөздер жүргізуді қамтамасыз ету үшін уәкілетті орган ағымдағы жылғы 10 қазанға дейінгі мерзімде отандық тасымалдаушылардың шетелдік рұқсаттарға деген қажеттілігінің саны туралы шетелдік рұқсатты беру және пайдалану статистикасы негізінде жалпы жиынтық деректерді қалыптастырады.

9. Уәкілетті орган шет мемлекеттердің құзыретті органдарымен рұқсат құжаттармен алмасу квотасын және олардың қолданылу мерзімін келіседі.

10. Уәкілетті орган шет мемлекеттердің құзыретті органдарына отандық рұқсат бланкілерін беруді отандық тасымалдаушылар үшін шетелдік рұқсаттарды шетелдік құзыретті органдармен жүргізілген келіссөз хаттамаларында айтылған мөлшерде алууды жүзеге асырады.

11. Шетелдік рұқсаттар уәкілетті органның аумақтық органдарына (бұдан әрі – аумақтық органдар) бөлуге жатады.

12. Аумақтық органдар шет мемлекеттердің құзыретті органдарымен келісілген белгіленген маршруттар мен осы маршруттар бойынша жүру кестесін ескере отырып, құнтізбелік бір жыл қолдану мерзімімен жолаушылар мен багажды тұрақты тасымалдауға арналған шетелдік рұқсаттарды үлестіреді.

13. Министрліктің интернет-ресурсында нақты уақыт режимінде отандық тасымалдаушыларға берілген және қайтарылған шетелдік рұқсаттардың санын көрсете отырып, рұқсаттар туралы деректер орналастырылады.

14. Отандық тасымалдаушылардың шетелдік рұқсаттардың белгіленген алмасу квотасынан тыс қажеттілігі туындаған жағдайда уәкілетті орган шет мемлекеттің құзыретті органдарымен ағымдағы жылға тиісті шетелдік рұқсаттарды алмасу квотасын келіседі.

2-параграф. Отандық тасымалдаушыларға шетелдік рұқсаттарды беру

15. Шетелдік рұқсаттарды ресімдеуді көрсетіletін қызметті беруші жүзеге асырады. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік

"корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) береді.

16. Көрсетілетін қызметті алушы "Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасының тасымалдаушыларына шет мемлекеттің аумағы бойынша жол жүрге рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметін алу үшін Портал арқылы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жолаушылар мен бағажды тұрақты емес тасымалдауға, жүктөрді тасымалдауға шетелдік рұқсат алуға сұрау салуды (бұдан әрі-сұрау салу) толтырады.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамаларын, мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауын, көрсетілетін қызметті берушінің атауын, мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдерін, мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін, мемлекеттік қызмет көрсету нысанын, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін, мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдерін, көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс графигін, мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесін, мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасының тасымалдаушыларына шет мемлекеттің аумағы бойынша жол жүрге рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде баяндалған.

Портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ қол қойылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу толтырылады.

Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" Мемлекеттік корпорацияда оның нәтижесін алу мекенжайы мен күні көрсетілген мемлекеттік қызмет көрсету не оны қабылдаудан бас тарту туралы мәртебе көрсетіледі.

Отандық тасымалдаушы сұрау салуда ұсынылатын мәліметтердің толықтығы мен дүрыстығын қамтамасыз етеді.

Шетелдік рұқсат алуға сұрау салу әрбір автокөлік құралына жеке беріледі.

17. Сұрау салуды қарауды АЖ жүзеге асырады:

- 1) шетелдік рұқсаттардың сұратылатын түрлері болған кезде;
- 2) жолаушыларды облысаралық, ауданааралық (облысішілік, қалааралық) және халықаралық қатынастарда автобустармен, шағын автобустармен тұрақты емес тасымалдау, сондай-ақ жолаушыларды халықаралық қатынаста автобустармен, шағын автобустармен тұрақты тасымалдау жөніндегі қызметпен айналысу құқығына лицензияның бар болған кезде;
- 3) сұратылған шетелдік рұқсаттар түрлерінің жиынтығы болған кезде (бір автокөлік құралына шетелдік рұқсаттардың бірнеше түріне өтініш берген жағдайда);

4) халықаралық автомобильмен жүк тасымалдауды жүзеге асыруға қолданыстағы рұқсат куәлігі болған кезінде;

5) ұзынылған автокөлік құралына қолданыстағы рұқсат карточкасы болған кезінде;

6) осы Қағидалардың 31-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, сұрау салуда көрсетілген автокөлік құралдарына қайтарылмаған шетелдік рұқсаттар бойынша мәліметтер болмаған кезде;

7) соңғы алты айда сұрау салуда көрсетілген автокөлік құралының осы Қағидалардың 28 және (немесе) 29-тармақтарында белгіленген шарттарды сақтауын қамтамасыз ету кезінде;

8) көрсетілетін қызметті алушы соңғы үш айда осы Қағидалардың 28 және (немесе) 29-тармақтарының шарттарын үш және одан да көп бұзуға жол бермеген кезде;

9) көрсетілетін қызметті алушы соңғы алты айда бұрын алған шетелдік рұқсаттарды пайдаланбау фактілері болмаған кезде;

10) көрсетілетін қызметті алушының соңғы алты айда осы Қағидалардың 27-тармағы бірінші абзацының талаптарын сақтамау фактілері болмаған кезде АЖ жүзеге асырады.

Осы тармақтың 3)-10) тармақшаларының талаптары жолаушылар мен багажды тұрақты емес тасымалдауға шетелдік рұқсат алуға қолданылмайды.

Автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында орналасқан автомобиль өткізу пункттері арқылы Қазақстан Республикасының аумағына кіру және шығу фактілерін тіркеу АЖ-да Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің "Бұркіт" бірынғай ақпараттық жүйесінен (бұдан әрі – "Бұркіт" БАЖ) сұрау салу жолымен жүзеге асырылады.

АЖ-да автокөлік құралдарын есепке алу олардың сәйкестендіру нөмірі (VIN) бойынша жүргізіледі.

Сұрау салу кезінде жеке басты қуәландыратын құжаттар туралы, занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, жылжымалы мүлікке құқық белгілейтін құжаттар, жүктерді автомобильмен халықаралық тасымалдауды жүзеге асыруға рұқсат беру туралы куәлік, автокөлік құралдарына рұқсат беру карточкалары, жолаушыларды облысаралық қалааралық, ауданааралық (облысішілік қалааралық) және халықаралық қатынастарда автобустармен, шағын автобустармен тұрақты емес тасымалдау, қызметімен айналысу құқығына лицензия туралы мәліметтерді, халықаралық қатынастағы шағын автобустармен (жолаушылар мен багажды тұрақты емес тасымалдауды жүзеге асыру кезінде), жолаушылар мен багажды тұрақты емес тасымалдауды, халықаралық қатынаста жүк тасымалдауды жүзеге асыратын отандық автокөлік құралдарының "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) алым сомасының бюджетке төленгенін растайтын құжат "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерде бар құжаттарды талап етуге жол берілмейді.

18. Бұрын шетелдік рұқсаттар алғанған автокөлік құралын ауыстыруға мемлекеттік қызмет көрсету туралы хабарлама алған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде жол беріледі, көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бұрын берілген шетелдік рұқсатқа автокөлік құралын ауыстыруға сұрау салуды толтыруы қажет.

Автокөлік құралын ауыстыру кемінде күнтізбелік отыз күн бұрын алған рұқсат карточкасын алған жағдайда жалға алу құқығындағы автокөлік құралына жүргізіледі.

Бұл ретте осы Қағидалардың 28-тармағында көзделген мерзім мемлекеттік қызмет көрсету туралы хабарлама алған күннен бастап есептеледі.

19. Осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша маршрут өзгерген жағдайда тасымалдауышының жүктөрді тасымалдауға қосымша екі шетелдік рұқсатқа дейін алына жол беріледі.

Қосымша сұрау салу бойынша шетелдік рұқсаттарды алған кезде пайдаланылмаған шетелдік рұқсаттар аумақтық органға қайтарылады және көрсетілетін қызметті алушы пайдаланған ретінде АЖ-да есепке алынады.

Бұл ретте қосымша сұрау салу бойынша күнтізбелік жылы пайдаланылмаған алты шетелдік рұқсатқа дейін қайтаруға жол беріледі, ал алты шетелдік рұқсаттан жоғары болса, қайтарылмаған ретінде АЖ-да есепке алынады.

20. Осы Қағидалардың 17 және 19-тармақтарында көзделген мәліметтер сәйкес келген және болған кезде көрсетілетін қызметті алушыға алым сомасын төлеу үшін шот қойылады.

Төлем ЭҮТШ арқылы жүзеге асырылады.

21. Аумақтық органдар жолаушылар мен бағажды тұрақты емес тасымалдауға, жүкті тасымалдауға арналған шетелдік рұқсаттарды АЖ-ға мемлекеттік қызмет көрсету туралы хабарлама келіп түскен кезде бір жұмыс күні ішінде ресімдейді және Мемлекеттік корпорацияға жібереді.

22. Жүктөрді тасымалдау үшін бір сұрау салуға жол жүру бағыты бойынша әртүрлі түрдегі 9 (тоғыз) шетелдік рұқсаттан және бір түрдегі 2 (екі) шетелдік рұқсаттан артық емес рұқсат беріледі.

23. Шетелдік рұқсаттар автокөлік құралдарына беріледі, жүкті түсіру үшін механикалық еңкейтілетін тіркемелерді, жартылай тіркемелерді және өздігінен тиелетін автомобильдерді есепке алмағанда.

24. Мемлекеттік қызмет көрсету туралы хабарламаға автоматты түрде қол қойылады және аумақтық орган басшысының не оны алмастыратын тұлғаның ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетіне жіберіледі.

25. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызметтерді ұсыну сатысындағы деректердің мемлекеттік қызмет көрсете мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізілуін қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметті көрсете кезінде мемлекеттік қызметті көрсете сатысы туралы деректер автоматты режимде мемлекеттік қызметтерді көрсете мониторингінің ақпараттық жүйесіне түседі.

Уәкілетті орган мемлекеттік қызмет көрсете тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркегеннен кейін 3 (үш) жұмыс күн ішінде осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты көрсетілетін қызметті берушіге, "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына, Мемлекеттік корпорация және Бірыңғай байланыс-орталығына жібереді.

26. Мемлекеттік қызметтер көрсете мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсете сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермейді.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсете сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

27. Отандық тасымалдаушының шетелдік рұқсат бланкілерін басқа отандық тасымалдаушыға беруіне, сол сияқты отандық тасымалдаушының басқа отандық тасымалдаушының шетелдік рұқсат бланкілерін пайдалануына жол берілмейді.

Отандық тасымалдаушының рұқсат беру карточкасында көрсетілмеген автокөлік құралдарына шетелдік рұқсаттарды, айдан өткізілетін автокөлік құралдарынан басқа, пайдалануына жол берілмейді.

28. Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасында орналасқан өткізу пункттерін қоспағанда, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында орналасқан автомобиль өткізу пункттері арқылы Қазақстан Республикасының аумақтарынан шетелдік рұқсаттар ресімделген автокөлік құралының шығу мерзімі пайдалануышының жеке кабинетіне мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері туралы хабарлама жіберілген сәттен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайды.

Егер осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім 6 (алты) айдан асса, автокөлік құралына ресімделген шетелдік рұқсаттар АЖ-да пайдаланылмаған ретінде есепке алынады.

29. Отандық тасымалдаушы жолаушылар мен бағажды тұрақты емес тасымалдауға және жүктөрді тасымалдауға арналған, пайдаланылған және пайдаланылмаған шетелдік рұқсаттарды Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасында орналасқан өткізу пункттерін қоспағанда, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында орналасқан автокөлік құралының автомобиль өткізу пункттері арқылы Қазақстан Республикасының аумағына кірген кезден бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей физикалық түрде ресімдеу орны бойынша аумақтық органға қайтаруы тиіс.

Күнтізбелік жыл ішінде көрсетілетін қызметті алушы жоғалтқан үштен аспайтын шетелдік рұқсаттар АЖ қайтарылған ретінде есепке алынады.

30. Қайтарылған шетелдік рұқсаттар аумақтық органдарда қайтарылған сәттен бастап үш жыл бойы сақталады.

31. Аумақтық органдар АЖ да есебін жүргізеді:

1) берілген шетелдік рұқсаттар - олардың нөмірі бойынша тасымалдаушылар бөлінісінде.

2) қайтарылған шетелдік рұқсаттар-мынадай мәліметтерді көрсете отырып;

отандық тасымалдаушының атауы, жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес сәйкестендіру нөмірі;

түрі, қолданылу мерзімі, шетелдік рұқсаттың қайтару күні және шетелдік рұқсаттың нөмірі;

шетелдік рұқсат пайдаланылған автокөлік құралының (тіркемелер мен жартылай тіркемелерді қоспағанда) мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісі;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы тасымалдауды жүзеге асыру кезінде көлік құралын кесіп өту (кіру/шығу) өткізу пунктінің атауы.

Түзету белгілері бар шетелдік рұқсаттар қайтарылған жағдайда (мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісін, тасымалдаушының атауын өшіру, сол сияқты көрсетілген мәліметтерді анықтауға мүмкіндік бермейтін шетелдік рұқсаттың өзге де өзгерістері) АЖ-ға түзетілді мәртебесі қойылады және мұндай рұқсаттар АЖ-да қайтарылмаған ретінде есепке алынады;

Осы Қағидалардың 32-тармағында көрсетілген жағдайларда қайтарылмаған шетелдік рұқсаттар қайтарылған ретінде есепке алынады.

32. Көрсетілетін қызметті алушы құнтізбелік жыл ішінде жоғалтқан (құнтізбелік жыл ішінде 3 (үш) аспайтын), автокөлік құралын тұтану кезінде жою не оны шет мемлекеттердің бақылаушы органдары алып қою салдарынан жоғалған шетелдік рұқсаттар АЖ-да осы Қағидалардың 28 және (немесе) 29-тармақтарын бұзбай қайтарылған ретінде есепке алынады.

Көрсетілетін қызметті алушы осы оқиғалар туындаған қүннен бастап құнтізбелік отыз қүннен кешіктірмей аумақтық органға мынадай растайтын құжаттарды ұсынады:

1) құзыретті органдар шетелдік рұқсатты алып қойған кезде-алып қою актің немесе хаттама;

2) автокөлік құралының өртенуі салдарынан шетелдік рұқсат жойылған кезде-Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өртке қарсы қызметінен не шет мемлекеттің құзыретті органдынан автокөлік құралының мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісін тіркей отырып, оның фотосуретін қоса бере отырып, анықтама;

3) шетелдік рұқсат жоғалған кезде-жоғалған рұқсаттың жоғалғаны және жарамсыздығы туралы бұқаралық ақпарат құралдарында хабарландырулардың орналастырылғанын растайтын ішкі істер органдарында тіркелген өтініштердің немесе құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, аумақтық органдың оның жоғалғаны туралы жазбаша хабарламасы.

33. Отандық тасымалдаушының шетелдік рұқсаттарды аумақтық органға қайтаруы осы Қағидалардың 31-тармағында көзделген мәліметтерді көрсете отырып, ілеспе хатпен аумақтық органдың кеңесі арқылы жүзеге асырылады.

Аумақтық орган жалпы кіріс хат-хабарларды тіркеудің ақпараттық жүйесінде шетелдік рұқсаттарды қайтару туралы ілеспе хатты тіркеген қүннен бастап бір жұмыс күні ішінде АЖ-ға қайтарылған шетелдік рұқсаттар туралы мәліметтерді енгізеді.

Шетелдік рұқсаттың нақты параметрлері ілеспе хатта көрсетілген мәліметтерге сәйкес келмеген кезінде, аумақтық орган бас тартудың дәлелді себебін көрсете отырып, шетелдік рұқсаттарды қабылдаудан бас тартады.

Бұл ретте осы тармақтың үшінші бөлігінде көрсетілген шетелдік рұқсаттар, сондай-ақ АЖ-да пайдаланылмаған шетелдік рұқсаттар қайтарылмаған ретінде есепке алынады.

34. Көрсетілетін қызметті беруші, шетелдік рұқсатты беру үшін шетелдік рұқсатты ресімдеген кезінде шетелдік рұқсаттың тиісті бағандарына жазылады (қойылады):

- 1) тасымалдаушиның атауы және занды мекенжайы;
 - 2) шетелдік рұқсат берілген күні және берген аумақтық органның мөрі;
 - 3) аумақтық орган басшысының не оны алмастыратын адамның қолы қойылады;
 - 4) шетелдік рұқсат берілген автокөлік құралының мемлекеттік тіркеу нөмірі.
- 4) тармақшаның күші АЖ деректері бойынша өткен жылды пайдалану үлесі айырбастау квотасы бойынша алынған олардың жалпы санының 70 және одан да көп пайызын құраған белгілі бір түрдегі және елдегі шетелдік рұқсаттарға қолданылады.

Шетелдік рұқсаттарда түзетуге жол берілмейді.

35. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары интернет-ресурстарда орналастырылған:

- 1) Министрліктің – www.transport.gov.kz "Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитеті" бөлімінің "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімі;
- 2) "Электрондық үкіметтің" вэб-порталы.

3) Көрсетілетін қызметті алушының Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі Бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты алуға мүмкіндігі бар.

4) Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі Бірыңғай байланыс орталығының телефоны: 1414, 8 800 080 7777.

5) Көрсетілетін қызметті алушы ЭЦҚ болған жағдайда Мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алады.

3-параграф. Халықаралық қатынаста жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының тасымалдаушыларына шет мемлекеттің аумағына (аумағынан) кіруге (кетуге) рұқсат беру.

36. Шетелдік рұқсаттарды ресімдеуді көрсетілетін қызметті беруші жүзеге асырады. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беруді – Мемлекеттік корпорация.

37. Көрсетілетін қызметті алушы "Халықаралық қатынаста жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының тасымалдаушыларына шет мемлекеттің аумағына (аумағынан) кіруге (шығуға) рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің алу үшін осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша, күнтізбелік бір жылға қолдану мерзімімен жолаушылар мен багажды тұрақты тасымалдауға арналған шетелдік рұқсатқа отандық тасымалдаушыларға алуға сұрау салуды (бұдан әрі - шетелдік рұқсат алуға сұрау салу), алуға Портал арқылы толтырады.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамаларын, мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауын, көрсетілетін қызметті берушінің атауын, мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдерін, мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін, мемлекеттік қызмет көрсету нысанын, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін, мемлекеттік қызмет көрсету кезінде

көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдерін, көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс графигін, мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесін, мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес "Халықаралық қатынаста жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының тасымалдаушыларына шет мемлекеттің аумағына (аумағынан) кіруге (кетуге) рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде баяндалған.

Портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының ЭЦК қол қойылған электрондық құжат нысанындағы шетелдік рұқсат алуға сұрау салу толтырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету туралы хабарламаға автоматты түрде қол қойылады және аумақтық орган басшысының не оны алмастыратын тұлғаның ЭЦК-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетіне жіберіледі.

Шетелдік рұқсат алуға сұрау салу әрбір автокөлік құралына жеке беріледі.

38. Күнтізбелік бір жылға қолдану мерзімімен жолаушылар мен багажды тұрақты тасымалдауға арналған шетелдік рұқсатты алуға сұрау салуды қарастыруды АЖ және порталда мәліметтер болған кезде жүзеге асырылады:

- 1) шетелдік тасымалдаушымен бірлескен қызмет туралы шарты;
- 2) сұрау салынатын түрдегі шетелдік рұқсаттар;
- 3) жолаушыларды облысаралық қалааралық, ауданааралық (облысішілік қалааралық) және халықаралық қатынастарда автобустармен, шағын автобустармен тұрақты емес тасымалдау, сондай-ақ жолаушыларды халықаралық қатынаста автобустармен, шағын автобустармен тұрақты тасымалдау жөніндегі қызметпен айналысу құқығына лицензиясы;
- 4) алым сомасы төленген.

Аумақтық органдар жолаушылар мен багажды тұрақты тасымалдауға арналған шетелдік рұқсаттарды қолданылу мерзімі күнтізбелік бір жылға ресімдейді және АЖ-ға Мемлекеттік қызмет көрсету туралы хабарлама келіп түскен сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде Мемлекеттік корпорацияға жібереді.

Сұрау салу кезінде жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, жылжымалы мұлікке құқық белгілейтін құжаттар, сондай-ақ жолаушыларды халықаралық қатынаста автобустармен, шағын автобустармен тұрақты тасымалдау жөніндегі қызметпен айналысу құқығына лицензияны, жолаушылар мен багажды халықаралық қатынаста ЭҮТШ арқылы тұрақты тасымалдауды жүзеге асыратын отандық автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағынан шығуы үшін алым сомасының бюджетке төленгенін

растайтын құжат туралы мәліметті тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы алады.

Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйelerde бар құжаттарды талап етуге жол берілмейді.

39. Осы Қағидалардың 38-тармағында көзделген мәліметтер сәйкес келген және болған кезде көрсетілетін қызметті алушыға алым сомасын төлеу үшін шот қойылады.

Төлем ЭҮТШ арқылы жүзеге асырылады.

40. Мемлекеттік қызмет көрсету туралы хабарлама автоматты түрде қол қойылады және аумақтық орган басшысының не оны алмастыратын тұлғаның ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетіне жіберіледі.

41. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызметтерді ұсыну сатысындағы деректердің мемлекеттік қызмет көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізілуін қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректер автоматты режимде мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне түседі.

Уәкілетті орган мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркегеннен кейін 3 (үш) жұмыс күн ішінде осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты көрсетілетін қызметті берушіге, "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына, Мемлекеттік корпорация және Бірыңғай байланыс-орталығына жібереді.

42. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермейді.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түсken көрсетіletіn қызметті алушының шағымы "Мемлекеттік көрсетіletіn қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түсken көрсетіletіn қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 2-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

43. Отандық тасымалдаушының күнтізбелік біr жылға қолдану мерзімімен жолаушылар мен багажды тұрақты тасымалдауға арналған шетелдік рұқсат бланкілерін басқа отандық тасымалдаушыға беруіне жол берілмейді.

Күнтізбелік біr жыл қолдану мерзімімен жолаушылар мен багажды тұрақты тасымалдауға арналған шетелдік рұқсаттар аумақтық органға қайтаруға жатпайды.

44. Аумақтық органдар АЖ берілген шетелдік рұқсаттар олардың нөмірі бойынша тасымалдаушылар бөлінісінде есебін жүргізеді.

45. Көрсетіletіn қызметті беруші шетелдік рұқsатты беру үшін шетелдік рұқsатты ресімдеген кезде тиісті бағандарына жазылады (койылады):

- 1) тасымалдаушының атауы және заңды мекенжайы;
- 2) шетелдік рұқsат берген аумақтық органның берілген күні және мөрі;
- 3) аумақтық орган басшысының не оны алмастыратын адамның қолы;
- 4) шетелдік рұқsат берілген автокөлік құралының мемлекеттік тіркеу нөмірі.

Шетелдік рұқsаттарда түзетуге жол берілмейді.

46. Мемлекеттіk қызметті kөrsetu орындарының мекенжайлары интернет-ресурстарда орналастырылған:

1) Министрліктің – www.transport.gov.kz "Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитеті" бөлімінің "Мемлекеттіk көrsetiletіn қызметтер" бөлімі;

2) "Электрондық үкіметтің" вэб-порталы.

3) Көrsetiletіn қызметті алушының Мемлекеттіk қызметтер көrsetu мәселелері жөніндегі Бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттіk қызметтер көrsetu тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты алуға мүмкіндігі бар.

4) Мемлекеттіk қызметтер көrsetu мәселелері жөніндегі Бірыңғай байланыс орталығының телефоны: 1414, 8 800 080 7777.

5) Көrsetiletіn қызметті алушы ЭЦҚ болған жағдайда Мемлекеттіk көrsetiletіn қызметті портал арқылы электрондық нысанда алады.

4-параграф. Шетелдіk тасымалдаушыларға отандық рұқsаттарды беру

47. Отандық рұқсаттарды шетелдік тасымалдаушыларға олардың мемлекеттерінің құзыретті органдары тиісті жылға айырбасталған рұқсаттардың ішінен береді.

Отандық рұқсаттардың қолданылу мерзімін, егер халықаралық шарттарда өзгеше ескертілмесе, осы Қағидалардың 9-тармағына сәйкес уәкілетті орган айқындаиды.

Шетелдік рұқсаттарды қайтару тәртібі мен мерзімдері осы Қағидалардың 29-тармағына сәйкес айқындалған.

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің бірінің аумағында тіркелген, тасымалдаушы орындайтын халықаралық автомобиль жүк тасымалдары:

1) аумағында тасымалдаушы тіркелген Еуразиялық экономикалық одағына мүше мемлекет пен басқа мүше мемлекет арасында;

2) Еуразиялық экономикалық одағына басқа мүше мемлекеттердің аумағы арқылы транзитпен;

3) Еуразиялық экономикалық одағына басқа мүше мемлекеттер арасында рұқсатсыз негізде жүзеге асырылады.

Шетел мемлекетінің тасымалдаушылары Қазақстан Республикасында немесе Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитпен жүктөрді тасымалдауды Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес шетел тасымалдаушысы тіркелген елдің құзыретті органдары берген рұқсаттар негізінде жүзеге асырады.

48. Отандық рұқсат, оның ішінде бірінші рейстің тасымалы жүзеге асырылған мемлекеттің аумағына Қазақстан Республикасының аумағынан кері бағытта жолшыбай жүк арту жағдайында бір жолсапар үшін жарамды болады.

"A", "D" түріндегі отандық рұқсаттар жөнелту пунктінен межелі пунктке дейін жарамды, "B" мен "C" түріндегі Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасынан 90 километрге дейін шегінде орналасқан шекара маңы терминалдарына дейін жарамды.

49. Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттік рейстен кері бағытта бара жатқан шетелдік жүк автокөлік құралына Қазақстан Республикасының аумағында ілеспе жүк тиеуге Қазақстан Республикасының аумағы арқылы жүріп өтуі үшін қосымша рұқсаты болған кезде ғана рұқсат етіледі.

Егер автокөлік құралы тіркелген елге тасымалдау жоспарланған болса, Қазақстан Республикасының аумағынан шығуға арналған қосымша отандық рұқсаттың болуы қажет.

Егер тасымалдау үшінші елдердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына немесе Қазақстан Республикасының аумағынан үшінші елдердің аумағына жоспарланған жағдайда тасымалдауларға, қосымша рұқсаттың болуы қажет.

50. Қазақстан Республикасының аумағынан автокөлік құралының тіркелу мемлекеті болып табылмайтын үшінші мемлекеттің аумағына кері бағытта бара жатқан шетелдік автокөлік құралына жолшыбай жүк артылған жағдайда, осы Қағидалардың 49-тармағында көзделген тасымалдауды қоспағанда, Қазақстан Республикасы аумағынан

үшінші елдерге тасымалдауды орындауға арналған қосымша отандық рұқсат болуы қажет.

51. Үшінші елдерден Қазақстан Республикасының аумағына немесе Қазақстан Республикасының аумағынан үшінші елдерге жүктің жөнелту немесе межелі пункті болып табылмайтын елдің аумағында жүкті қайта тиеп (тиеп/түсіріп), тасымалдау үшінші елдерге/елдерден рұқсат болған кезде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының аумағына үшінші елдерден тасымалдау кезінде жүктің жөнелту немесе межелі пункті болып табылмайтын елдің аумағында кедендей транзит аяқталмаған жүкті қазақстандық автокөлік құралына және бастапқы тасымалдаушының тіркеу елінде тіркелмеген автокөлік құралына аударып тиеге жол берілмейді.

52. Шетелдік автокөлік құралының тіркелу елінің аумағындағы заңнамаға сәйкес құрылған және тіркелген, үшінші елдердің кәсіпорындары мен филиалдарында өндірілетін жүктердің тасымалын жүзеге асыру кезінде, үшінші елдерден/елдерге отандық рұқсаттар осы тасымалдардың мынадай ілеспе құжаттарымен расталған жағдайларда талап етілмейді:

халықаралық көліктік жүккүжаты (CMR);
тауардың шығарылуы туралы сертификаты;

жүк жөнелтушінің немесе жүк алушының шетелдік тасымалдаушыға жүк тасымалына тапсырысы;

шот-фактура (инвойс);

ветеринариялық сертификат, фитосанитариялық сертификат, өнімдердің (тауарлардың) санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптарға (қажет болған жағдайда) сәйкестігі бөлігінде қауіпсіздікті растайтын құжат.

Бұл ретте, осы тасымал Қазақстан Республикасының аумағына кіруге отандық рұқсат негізінде жүзеге асырылады.

53. Автокөлік құралы тіркелген елдегі жүктерді қайта тиеге (тиег/түсіру) арқылы Қазақстан Республикасының аумағына үшінші елдерден жүктерді тасымалдауды басқа (әуе, теміржол, теңіз) көлік түрімен жүзеге асыру кезінде көрсетілген тасымалдар ілеспе құжаттармен (халықаралық көліктік жүккүжат (CMR), шот-фактура (инвойс), коносамент, Халықаралық жолдың тасымалдау кітапшасы, фитосанитариялық сертификат және халықаралық автомобиль тасымалдарын іске асыру кезінде пайдаланылатын және автокөлік құралын тиеге орнын растайтын және осындағы тасымалдауда оларға еріп жүретін басқа да құжаттар) расталған жағдайда, үшінші елдерге/елдерден отандық рұқсат қағаз талап етілмейді. Бұл ретте осы тасымалдау Қазақстан Республикасының аумағына кіруге арналған отандық рұқсаттардың негізінде жүзеге асырылады.

54. Қазақстан Республикасының аумағына жүктерді тасымалдауды жүзеге асыру кезінде тартқышты немесе жүк автомобилін тасымалдаушының тіркеу мемлекетінде

тіркелген басқа тартқышқа немесе жүк автомобиліне ауыстырып тіркеуге рұқсат етіледі.

55. Осы Қағидалардың 51-тармағының екінші бөлігінің және 54-тармағының талаптары:

1) Қазақстан Республикасының теңіз порттарына паромдармен келетін, одан әрі Қазақстан Республикасының аумағынан/аумағына бару үшін;

2) халықаралық автомобилдік жүк тасымалдары саласындағы үкіметаралық келісімдер жасалмаған елдерден/елдерге;

3) Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы шекарасын өткізу пункттерінде шетелдік рұқсат бланкілерін беруді көздейтін Қазақстан Республикасы үкіметаралық келісімдер жасасқан елдерден/елдерге жүкті халықаралық тасымалдауды жүзеге асыратын отандық тасымалдаушыларға қолданылмайды.

56. Осы Қағидалардың 51-тармағының екінші бөлігінің және 54-тармағының талаптары Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде тіркелген тасымалдаушыларға, егер Қазақстан Республикасының аумағынан/аумағына жүктерді тасымалдауды алдыңғы тасымалдаушиның отандық рұқсаттары болған кезде тасымалдаушины қайта тиеу (тиеу/түсіру) және (немесе) ауыстыру арқылы бірнеше тасымалдаушы дәйекті түрде орындаған жағдайда қолданылмайды.

57. Шетелдік тасымалдаушыда тасымалдаушы тіркелген мемлекеттің құзыретті органы растаған рұқсат бланкісі болмаған жағдайда, сол сияқты рұқсат беру жүйесін қолдану қағидаларына сәйкес толтырылмаған, ресімделмеген немесе түзетулері бар рұқсат бланкісі болған жағдайда, жоғалған сиямен жазу құралдарын қолдана отырып толтырылған автокөлік құралының одан әрі жүруіне жаңа отандық рұқсат берілгеннен кейін не әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы орындалғаннан кейін отандық көлік құралына жүкті қайта тиеп немесе қайта тіркей отырып жол беріледі.

58. Өз мемлекеттің тіркеу және айырым белгісінсіз Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттік жол жүретін шетелдік автокөлік құралының жүріп өтуі, егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше келіспесе, Салық кодексінде белгіленген мөлшерлемелер бойынша Қазақстан Республикасының аумағы арқылы автокөлік құралдарының жүріп өтуі үшін алым сомасы төленгеннен кейін уәкілетті орган Қазақстан Республикасының аумағындағы көліктік бақылау бекеттерінде немесе мемлекеттік кіріс органдары Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы шекарасымен түспа-түс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автокөлік құралдарын өткізу пункттерінде беретін транзиттік жол жүргуге арналған рұқсаттың негізінде жүзеге асырылады.

Көрсетілген автокөлік құралдарымен үшінші елдерден Қазақстан Республикасының аумағына немесе Қазақстан Республикасының аумағынан үшінші елдерге жүктерді немесе жолаушыларды тасымалдауды жүзеге асыруға жол берілмейді.

Ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралының жүріп өтуіне арнайы рұқсатты қоспағанда, отандық тасымалдаушыларға Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға арналған автокөлік құралдарын, оның ішінде жүгі бар автокөлік құралдарын айдан өту кезінде рұқсат беру құжаттары талап етілмейді.

59. Мемлекеттерімен рұқсат беру құжаттарының бланкілерін тепе-тең айырбастау жүргізілмеген шетелдік автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттік жол жүруі, егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше ескерілмесе, Салық кодексінде белгіленген мөлшерлемелер бойынша Қазақстан Республикасының аумағымен автокөлік құралдарының жүріп өтуі үшін алым сомасы төленгеннен кейін уәкілдті орган Қазақстан Республикасының аумағындағы көліктік бақылау бекеттерінде немесе мемлекеттік кіріс органдары Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автокөлік құралдарын өткізу пункттерінде, соның ішінде халықаралық теңіз өткізу пункттерінде беретін транзиттік жол жүргүгө арналған рұқсат негізінде жүзеге асырылады.

60. Қазақстан Республикасының аумағы арқылы жүріп өту құқығын растайтын отандық рұқсат беру құжаттарында Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде мемлекеттік кірістің аумақтық органдары немесе Қазақстан Республикасының аумағындағы көліктік бақылау бекеттерінде аумақтық органдар:

- 1) Қазақстан Республикасының аумағынан автокөлік құралының күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын шығу мерзімін;
- 2) Қазақстан Республикасының аумағы арқылы жүріп өту маршрутын көрсетеді.

Шетелдік автокөлік құралдарының транзиттік жүріп өтуі кезінде Қазақстан Республикасының аумағына келу және аумағынан кету мерзімдері баратын және кері де бағытта жүріп өту кезіндегі Қазақстан Республикасының аумағында нақты болу уақытымен айқындалады.

61. Шетелдік тасымалдаушылар Қазақстан Республикасының аумағы арқылы жүріп өту құқығын растайтын отандық рұқсаттарда жол жүрер алдында мыналарды толтырады:

- 1) тасымалдаушиның атаяу мен оның занды мекенжайы;
- 2) автокөлік құралының нөмірі;
- 3) жүкті тиесін елі;
- 4) жүкті түсіру елі;
- 5) тасымалданатын жүктің атаяу;
- 6) тасымалданатын жүктің салмағы;
- 7) шекара дағы өткізу орны;

- 8) Қазақстан Республикасы бойынша жүру бағыты;
- 9) тиеу қаласы;
- 10) түсіру қаласы.

Отандық рұқсаттарда түзетулерге жол берілмейді.

Отандық рұқсат бланкісінің тармақтары толтырылмаған не оларда анық емес ақпарат көрсетілген кезде, сондай-ақ рұқсатта көлік құралының Қазақстан Республикасының аумағына кіргені не оның Қазақстан Республикасының аумағынан кеткені туралы белгілер қойылмаса, рұқсат жарамсыз деп есептеледі, яғни оның болмауымен тең.

62. Бос шетелдік автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жүріп өтуі Қазақстан Республикасы ратификациялаған, Қазақстан Республикасы мен шет мемлекеттер арасындағы халықаралық автомобиль қатынастары туралы халықаралық шарттарда көзделген тәртіpte жүзеге асырылады.

63. Шетелдік тасымалдаушылар көліктік бақылау органдарына Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы шекарасында берілген көлік құралының бақыланатын параметрлерінің сәйкесіздігі, құжаттардың жоқ болуы немесе сәйкесіздігі туралы хабарламалар береді.

Еуразиялық экономикалық одаққа мүші мемлекеттердің уәкілетті көліктік бақылау органы берген хабарлама орандалмаған кезде халықаралық автомобиль тасымалын жүзеге асыруға және хабарламада көрсетілген маршруттан ауытқуға жол берілмейді.

64. Шетелдік тасымалдаушылар Қазақстан Республикасының аумағына (аумағынан) кіру (шығу) кезінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттеріне жақын көліктік бақылау органдарына отандық рұқсат қағаздарын осы Қағидаларда көзделген талаптарға сәйкес ресімделуін тексеру, сондай-ақ отандық рұқсат бланкісінің ұзбелі бөлігін алу үшін ұсынады.

Халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыруға қажетті ілеспе құжаттар (халықаралық көлік жүккүжаты (CMR), шот-фактура (инвойс), коносамент, Халықаралық жол тасымалдау кітапшасы және тағы басқа құжаттар) Қазақстан Республикасының заңнамасының және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына талаптарына сәйкес болуы және уәкілетті мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының талабы бойынша жүргізушілер ұсынылуы тиіс.

65. Егер Келісімдерде өзгеше көзделмеген болса, Қазақстан Республикасының аумағы арқылы жүріп өту құқығын растайтын рұқсат беру құжаттары Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан екі пункт арасында шетелдік автокөлік құралдарының жолаушыларды, багажды және жүктерді тасымалдауды жүзеге асыруына құқық бермейді.

Халықаралық қатынастағы жолаушылар, багаж және жүк тасымалын жүзеге асыратын сондай-ақ шетелдік автокөлік құралдарының транзитін, үшінші елдердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына немесе Қазақстан Республикасының

аумағынан үшінші елдердің аумағына тасымалдауларды тіркеу, отандық рұқсат беру құжаттарын беруді тіркеу Қазақстан Республикасының аумағына (аумағынан) кіруді (шығуды) шетел автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитін, отандық рұқсат беру құжаттарын беруді тіркеу журналында электронды түрде жүзеге асырылады.

Журналда мынадай мәліметтер көрсетіледі:

- 1) шетел тасымалдаушысының атауы;
- 2) тасымалдаушының елі;
- 3) тасымалдаушының орналасқан (тұрғылықты) орны;
- 4) жөнелту елі;
- 5) межелі елі;
- 6) катынау маршруты;
- 7) автокөлік құралының типі, маркасы;
- 8) автокөлік құралының және тіркемесінің нөмірі;
- 9) рұқсат түрі;
- 10) рұқсатты қолдану мерзімі;
- 11) рұқсаттың берілген күні және нөмірі (сериясы);
- 12) рұқсатты алған күні (рұқсат берілген кезде);

13) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автокөлік құралдарының журіп өткені үшін алымды төлегенін растайтын құжаттың нөмірі (бар болса) және күні, алым сомасы (рұқсат берілген кезде);

14) рұқсат құжатын алу туралы тасымалдаушының қолы (қағаз түрінде рұқсат берілген кезде).

66. Отандық рұқсаттар бланкілерінің нысандары баспаханалық тәсілмен дайындалады, реттік нөмірі және кемінде үш қорғану дәрежесі болады.

67. Жалпы қабылданған халықаралық нормалар мен стандарттарға сәйкес отандық рұқсат бланкісінде мынадай деректемелер болады:

- 1) тасымалдауды жүзеге асыру құқығын рұқсат беру құжаты растайтын тасымалдау түрі;
- 2) сериясы мен нөмірі;
- 3) қолданылу мерзімі;
- 4) тасымалдаушының деректемелері;
- 5) берілген орны және күні;
- 6) құзыретті органның қолы мен мөрі;
- 7) қозғалыс маршруты;
- 8) автокөлік құралының маркасы мен мемлекеттік нөмірі;
- 9) жүктің атауы;
- 10) автокөлік құралының жұксіз жабдықталған салмағы;

11) жүру жолындағы бақылаушы органдардың бланкінің ұзбелік бөлігінде орналасқан белгілері мен мөріне арналған орындар;

12) бланкіні пайдалану бойынша негізгі нұсқаулар;

13) бланкінің негізгі және ұзбелі бөліктеріндегі штрих-коды.

68. Автокөлік құралдарының жүріп өтуі кезінде бақылаушы органдың белгісі бар отандық рұқсат бланкісінің ұзбелі бөлігі бақылаушы органда қалады және аумақтық органдарға жіберіледі.

69. Отандық тасымалдаушыларға шетелдік рұқсат бланкілерін беру сенімхат болған жағдайда жүккүжаттар бойынша (серияларын және шетелдік рұқсаттардың нөмірлерін көрсете отырып) жүзеге асырылады.

70. Жыл сайын 5 қаңтарға дейінгі мерзімде аумақтық мемлекеттік кірістер органдары пайдаланылмаған отандық рұқсаттарды алынған орны бойынша аумақтық органға қайтаруды жүзеге асырады.

71. Мемлекеттік аумақтық кірістер органдары ай сайын үшінші күннен кешіктірмей аумақтық органдарға Қазақстан Республикасының аумағы арқылы шетелдік автокөлік құралдарының жүріп өтуі бойынша есепті және шетелдік автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағы арқылы автокөлік құралдарының жүріп өткені үшін алымды төлегені туралы түбіртектері бар жүккүжаттардың көшірмелерін ұсынады.

Қазақстан Республикасының
халықаралық қатынастағы
автомобильмен
тасымалдауларында
рұқсат беру жүйесін
қолдану қагидаларына
1-қосымша

Нысаны _____

(көліктік бақылау органдының атауы)

Жолаушылар мен багажды тұрақты емес тасымалдауға, жүктөрді тасымалдауға шетелдік рұқсатты алуға сұрау салу

(дара кәсіпкердің Т.А.Ә. немесе занды тұлғаның атауы)

ЖСН/БСН _____

Жолаушыларды облысаралық, ауданарапалық (облысішлік, қалааралық) және халықаралық қатынастарда автобустармен, шағын автобустармен тұрақты емес тасымалдау, сондай-ақ жолаушыларды халықаралық қатынаста автобустармен, шағын автобустармен тұрақты тасымалдау жөніндегі қызметпен айналысу құқығына лицензияның болуы: лицензия №_____, берілген күні _____

РКу №_____ қолданылу мерзімі _____

РК №_____ қолданылу мерзімі _____

Жолаушылар мен багажды тұрақты емес тасымалдауға және жүктөрді тасымалдауға мынадай шетелдік рұқсаттар беруінізді сұраймын:

№ р/с	Ел	Рұқсат түрі	Рұқсат жылы	Рұқсат саны	Мемлекеттік тіркеу номірлік белгісі	(VIN) КК сәйкестендіру номірі

Мекенжайы _____

(индекс, қала, аудан, облыс, көше, үйдің №, телефон, факс)

Менің дербес деректерімді жинауға және өндегеуге, оның ішінде Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің _____ аумақтық органға (БСН_____) беруге үшінші тұлғаларға келісім беремін, және жолаушылар мен багажды тұрақты емес тасымалдауға, ақпараттық жүйелдердегі жүктөрді тасымалдауға шетелдік рұқсаттарды алу үшін қажетті заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтер.

Дербес деректердің траншекаралық берілуінің жоқтығы, сондай-ақ жалпыға қолжетімді көздерде дербес деректердің таралуының жоқтығы туралы хабарлаймыз.

Жиналатын деректердің тізбесі: Т.А.Ә., ЖСН/БСН, телефон номірі, тіркеу мекенжайы

Т.А.Ә. (қолы)

Аббревиатураларды ашып жазу:

Т.А.Ә. (ол болған кезде) – тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде);

БСН – бизнес-сәйкестендіру номірі;

ЖСН - жеке сәйкестендіру номірі;

РКУ- жүктөрді халықаралық автомобильмен тасымалдауды жүзеге асыруға рұқсатты қуәландыру (жүктөрді тасымалдау үшін);

РК - ұзынлыған автокөлік құралына рұқсат карточкасы (жүктөрді тасымалдау үшін)

;

VIN – Көлік құралының сәйкестендіру номірі.

Қазақстан Республикасының
халықаралық қатынастағы
автомобильмен
тасымалдауларында
рұқсат беру жүйесін
колдану қағидаларына
2-қосымша

"Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасының тасымалдаушыларына шет мемлекеттің аумағы бойынша жүріп өтуіне рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі:

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы: "Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасының тасымалдаушыларына шет мемлекеттің аумағы бойынша жүріп өтуіне рұқсат беру". Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің атауы:

- 1) Жолаушылар мен багажды тұрақты емес тасымалдауға бланкілер беру;
- 2) Жұқ тасымалдарына бланкілер беру.

1	Көрсетілетін қызметті беруші	Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль қөлігі және көліктік бақылау комитетінің аумақтық органдары.
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	Барлық кіші тұрларі бойынша порталы арқылы. Барлық кіші тұрларі бойынша "Азаматтарға арналған үкімет" Комерциалық емес акционерлік қоғам (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) арқылы беру.
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Порталда мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алу орны туралы хабарлама-20-40 минут ішінде; Мемлекеттік корпорацияға шетелдік рұқсатты ресімдеу және беру - 1 (бір) жұмыс күні ішінде.
4	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Барлық кіші тұрларі бойынша: электрондық (жартылай автоматтандырылған) /қағаз түрінде.
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Жолаушылар мен багажды тұрақты емес тасымалдауға және жүктөрді тасымалдауға шетелдік рұқсат қағаз.
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Қызмет ақылы негізде көрсетіледі. Халықаралық қатынаста жолаушылар мен жүктөрді тасымалдауды жүзеге асыратын отандық автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағынан шығуы үшін алым "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінің (Салық кодексі) 554-бабы 2-тармағында белгіленген алым мөлшерлемесі бойынша бюджетке төленеді және алым соммасы келесі көрсеткішті қурайды: 1-еселенген мөлшері айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі - АЕК); Алым сомасын төлеу "электрондық үкіметтің" төлем

		шлюзі (бұдан әрі – ЭУТШ) арқылы жүзеге асырылады.
	Көрсетілетін қызметті беруші, Мемлекеттік корпорация және ақпарат обьектілерінің жұмыс кестесі	<p>1) Көрсетілетін қызметті берушінің - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі тұскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.</p> <p>2) Мемлекеттік корпорация-дүйсенбіден жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін үзіліссіз, Мемлекеттік корпорацияның халықта қызмет көрсету бөлімдерінің кезекшілері дүйсенбіден жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін және сенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес мереке және демалыс күндерінен басқа.</p> <p>3) порталда - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсетілетін қызметті алушының тіркелген жері бойынша көрсетіледі.</p>
		<p>Осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес сұрау салу.</p> <p>Автокөлік құралы ауыстырылған жағдайда бұрын берілген шетелдік рұқсатқа осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес мәліметтер талап етіледі.</p> <p>Жүктерді тасымалдауға қосымша шетелдік рұқсат қажет болған жағдайда бұрын берілген шетелдік рұқсатқа осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес мәліметтер талап етіледі.</p>

Мемлекеттік қызмет көрсете үшін Көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін қажетті құжаттар тізбесі мен мәліметтері

Сұрау салу кезінде жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, жылжымалы мүлікке құқық белгілейтін құжаттар, жүктеді автомобильмен халықаралық тасымалдауды жүзеге асыруға рұқсат беру туралы куәлік, автокөлік құралдарына рұқсат беру карточкалары, жолаушыларды халықаралық катынастарда автобустармен, шағын автобустармен тұрақты емес тасымалдау, лицензия туралы мәліметтер, халықаралық катынаста жүк тасымалдауды жүзеге асыратын отандық автокөлік құралдарының ЭҮТШ төлеген жағдайда алым сомасының бюджетке төленгенін растайтын құжат, көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады".

Мемлекеттік қызмет көрсете ерекшеліктерін ескере отырып, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін өзге де талаптар.

Қазақстан Республикасының заннамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетеуден бас тарту үшін негіздер

Мемлекеттік қызметті көрсетеуден бас тарту үшін негіздер:

- 1) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсете үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

- 2) көрсетілетін қызметті алушыга қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті ауды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы сottың занды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;

- 3) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсете үшін талап етілетін, "

Дербес деректер және оларды корғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге кол жеткізуге келісімі болмауы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады.

Қазақстан Республикасының
халықаралық қатынастағы
автомобильмен
тасымалдауларында
рұқсат беру жүйесін
қолдану қағидаларына
3-қосымша

Нысаны _____

(көліктік бақылау органдының атауы)

Бұрын берілген шетелдік рұқсатқа автокөлік құралын ауыстыруға сұрау салу

(дара кәсіпкердің Т.А.Ә.немесе занды тұлғанының атауы)

ЖСН/БСН _____

Бұрын алынған шетелдік рұқсатты сұрау салудың №_____

Ұсынылған автокөлік құралына РК№_____ қолданылу мерзімі _____

Автокөлік құралын ауыстыруды сұраймын МТНБ -* _____ арналған

МТНБ _____ с VIN _____ :

№ р/с	Ел	Рұқсат түрі*	Рұқсат жылы*	Рұқсат саны*	Мемлекеттік тіркеу номірлік белгісі*	(VIN)* КК сәйкестендіру номірі

* Мәліметтер бұрын мақұлданған сұраудан алынады

Мекенжайы _____

(индекс, қала, аудан, облыс, көше, үйдің №, телефон, факс)

Менің дербес деректерімді жинауға және өндегуге, оның ішінде Қолік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің _____ аумақтық органға (БСН_____) беруге үшінші тұлғаларға келісім беремін, және жолаушылар мен багажды тұрақты емес тасымалдауға, ақпараттық жүйелдердегі жүктөрді тасымалдауға шетелдік рұқсаттарды алу үшін қажетті заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтер.

Дербес деректердің траншекаралық берілуінің жоқтығы, сондай-ақ жалпыға қолжетімді көздерде дербес деректердің таралуының жоқтығы туралы хабарлаймыз.

Жиналатын деректердің тізбесі: Т.А.Ә., ЖСН/БСН, телефон нөмірі, тіркеу мекенжайы

Т.А.Ә. (қолы)

Аббревиатураларды ашып жазу:

Т.А.Ә. (ол болған кезде) – тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде);

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;

РКу- жүктөрді халықаралық автомобильмен тасымалдауды жүзеге асыруға рұқсатты қуәландыру (жүктөрді тасымалдау үшін);

РК - ұзынылған автокөлік құралына рұқсат карточкасы (жүктөрді тасымалдау үшін)

МТНБ – мемлекеттік тіркеу нөмерлік белгісі;

VIN –көлік құралының сәйкестендіру нөмірі.

Қазақстан Республикасының
халықаралық қатынастағы
автомобильмен
тасымалдауларында
рұқсат беру жүйесін
қолдану қагидаларына
4-қосымша

Нысаны _____

(көліктік бақылау органының атауы)

Жүктөрді тасымалдауга қосымша шетелдік рұқсат алу туралы сұрау салу

(дара кәсіпкердің Т.А.Ә. немесе занды тұлғаның атауы)

ЖСН/БСН _____

Бұрын алғынан шетелдік рұқсатты сұрау салудың №_____

Жүк автокөлік құралына жүктөрді тасымалдауга келесі шетелдік рұқсаттарды қосымша беруінізді сұраймын МТНБ _____ VIN* _____ :

№ p/c	Ел	Рұқсат түрі*	Рұқсат жылы*	Рұқсат саны*	(Рұқсаттар саны (екіден көп емес)

* Мәліметтер бұрын мақұлданған сұраудан алынады

Мекенжайы _____

(индекс, қала, аудан, облыс, көше, үйдің №, телефон, факс)

Менің дербес деректерімді жинауға және өндөуге, оның ішінде Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің _____ аумақтық органға (БСН _____) беруге үшінші тұлғаларға келісім беремін, және

жолаушылар мен багажды тұрақты емес тасымалдауға, ақпараттық жүйелердегі жүктөрді тасымалдауға шетелдік рұқсаттарды алу үшін қажетті заңмен қорғалатын қупияны құрайтын мәліметтер.

Дербес деректердің траншекаралық берілуінің жоқтығы, сондай-ақ жалпыға қолжетімді көздерде дербес деректердің таралуының жоқтығы туралы хабарлаймыз.

Жиналатын деректердің тізбесі: Т.А.Ә., ЖСН/БСН, телефон нөмірі, тіркеу мекенжайы

Т.А.Ә. (қолы)

Аббревиатураларды ашып жазу:

Т.А.Ә. (ол болған кезде) – тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде);

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;

РКу- жүктөрді халықаралық автомобильмен тасымалдауды жүзеге асыруға рұқсатты қуәландыру (жүктөрді тасымалдау үшін);

РК - ұзынлыған автокөлік құралына рұқсат карточкасы (жүктөрді тасымалдау үшін)

;

МТНБ – мемлекеттік тіркеу номерлік белгісі;

VIN – көлік қуралының сәйкестендіру нөмірі.

Қазақстан Республикасының
халықаралық қатынастағы
автомобильмен
тасымалдауларында
рұқсат беру жүйесін
қолдану қагидаларына
5-көсімша

Нысаны _____

(көліктік бақылау органының атауы)

Күнтізбелік бір жылға қолдану мерзімімен жолаушылар мен багажды тұрақты тасымалдауға арналған шетелдік рұқсатты алуға сұрау салу

(дара кәсіпкердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) немесе занды тұлғаның атауы)

ЖСН/БСН _____

Шетелдік тасымалдаушымен бірлескен қызмет туралы шарт: шарттың

№ _____ және жасалған күні _____

Жолаушыларды облысаралық, ауданааралық (облысішлік, қалааралық) және халықаралық қатынастарда автобустармен, шағын автобустармен тұрақты емес тасымалдау, сондай-ақ жолаушыларды халықаралық қатынаста автобустармен, шағын автобустармен тұрақты тасымалдау жөніндегі қызметпен айналысу құқығына лицензияның болуы: лицензия №_____, берілген күні _____

Жолаушылар мен багажды тұрақты емес тасымалдауға және жүктөрді тасымалдауға мынадай шетелдік рұқсаттар беруінізді сұраймын:

№ р/с	Маршрут	Көлік құралының түрі/(класс)	Көлік құралының мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісі

Мекенжайы _____

(индекс, қала, аудан, облыс, көше, үйдің №, телефон, факс)

Мениң дербес деректерімді жинауга және өндеге, оның ішінде Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің _____ аумақтық органға (БСН _____) беруге үшінші тұлғаларға келісім беремін және құнтізбелік бір жылға қолдану мерзімімен жолаушылар мен багажды тұрақты тасымалдауға арналған шетелдік рұқсат алу үшін қажетті заңмен қоргалатын құпияны құрайтын мәліметтер.

Дербес деректердің трансшекаралық берілуінің жоқтығы, сондай-ақ жалпыға қолжетімді көздерде дербес деректердің таралуының жоқтығы туралы хабарлаймыз.

Жиналатын деректердің тізбесі: Т.А.Ә., ЖСН/БСН, телефон нөмірі, тіркеу мекенжайы

Т.А.Ә. (қолы)

Аббревиатураларды ашып жазу:

Т.А.Ә. (ол болған кезде) – тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде);

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі.

Қазақстан Республикасының
халықаралық қатынастағы
автомобильмен
тасымалдауларында
рұқсат беру жүйесін
қолдану қағидаларына
6-косымша

"Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасының тасымалдаушыларына шет мемлекеттің аумағы бойынша жүріп өтуіне рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі:

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атапу: "Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасының тасымалдаушыларына шет мемлекеттің аумағы бойынша жүріп өтуіне рұқсат беру".

1	Көрсетілетін қызметті беруші	Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің аумақтық органдары.
		Портал арқылы.

2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	"Азаматтарға арналған үкімет" комерциалық емес акционерлік қоғам (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) арқылы беру.
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Порталда мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алу орны туралы хабарлама-20-40 минут ішінде; Мемлекеттік корпорацияға шетелдік рұқсатты ресімдеу және беру - 1 (бір) жұмыс күні ішінде.
4	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электрондық (жартылай автоматтандырылған)/қағаз түрінде.
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Қолданылу мерзімі күнтізбелік бір жыл болатын жолаушылар мен багажды тұрақты тасымалдауға шетелдік рұқсаты қағаз түрінде.
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Көрсетілетін қызмет ақылы негізде көрсетіледі. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес күнтізбелік бір жылға шетелдік рұқсатты ала отырып, тұрақты негізде халықаралық қатынаста жолаушылар мен багажды тасымалдауды жүзеге асыратын отандық автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағынан шығуы үшін алым "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінің (Салық кодексі) 554-бабы 2-тармағында белгіленген алым мөлшерлемесі бойынша бюджетке төленеді және алым соммасы келесі көрсеткішті құрайды: 10-еселенген мөлшері айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі - АЕК); "Электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы алым сомасын төлеу.
		1) Көрсетілетін қызметті берушінің - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса

7

Көрсетілетін қызметті беруші, Мемлекеттік корпорация және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі

алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-га дейінгі тұскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-га дейін.

2) Мемлекеттік корпорация-дүйсенбіден жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін үзіліссіз, Мемлекеттік корпорацияның халыққа қызмет көрсете бөлімдерінің кезекшілері дүйсенбіден жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін және сенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес мереке және демалыс күндерінен басқа.

3) порталда-жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсете нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсетілетін қызметті алушының тіркелген жері бойынша көрсетіледі.

8

Мемлекеттік қызмет көрсете үшін Көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін қажетті құжаттар тізбесі мен мәліметтері

Осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес сұрау салу.

Сұрау салу кезінде жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, жылжымалы мұлікке құқық белгілейтін құжаттар, сондай-ақ жолаушыларды халықаралық катынаста автобустармен, шағын автобустармен тұрақты тасымалдау жөніндегі қызметпен айналысу құқығына лицензияны, жолаушылар мен багажды халықаралық катынаста ЭҮТШ арқылы тұрақты тасымалдауды жүзеге асыратын отандық автокөлік құралдарының алым сомасының бюджетке толенгенін растайтын құжат туралы мәліметті көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық

		жүйелерден "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы алады".
	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	<p>Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер:</p> <p>1) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті ауды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыбым салу туралы сottың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;</p> <p>3) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етіletіn, "Дербес деректер және оларды корғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес беріletіn қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады.</p>